

2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1 . М ы н а л а р д ы ң :

198, 199, 200 (құпия), 201, 201-1, 202, 203, 203-1, 204, 205, 206, 207-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің;

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 қазандағы N 1015 қаулысымен.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 2 3 5 қ а у л ы с ы н а

198-ҚОСЫМША

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н

"Стратегиялық, орта мерзімді экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"

деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 597547 мың теңге (бес жүз тоқсан жеті миллион бес жүз қырық жеті м ы ң т е ң г е) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Республикалық бюджет комиссиясы

туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 1426 Жарлығы ; "Қызмет телефондары мен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаң нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1128 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1116 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасының басымды әлеуметтік-экономикалық дамуын тиімді іске асыруға ықпал ететін мемлекеттік жоспарлау жүйесін құру және дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ақша-кредит саясатының басымдықтармен өзара әрекет етуі үшін фискалдық, кедендік және бюджеттік инвестициялық саясатты, сондай-ақ халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар саласындағы саясатты қалыптастыру, экономиканың секторларындағы мемлекеттік активтерді басқару саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру, өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, шеберлікті және д а ғ д ы н ы ж а ң а р т у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	К і ш і бағдар- ламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мер- зімі	Жауапты орындау- шылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Стратегия- лық, орта мерзімді экономика-			

			лық және бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Бекітілген штат санының лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің орталық аппаратын ұстау; Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарын әзірлеу. Орта мерзімді фискалдық саясат жобасын әзірлеу. Республикалық бюджетті қалыптастыру. Стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру. Республикалық бюджет комиссиясының отырыстарын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер; автокөлікті жалдау; бекітілген лимит шеңберінде жеңіл автокөлікті ұстау; спорт-сауықтыру іс-шараларын өткізу.	жыл бойы	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
3		007	Мемлекеттік қызметші-	Екі бағыт: 1) экономика және қаржы;	2006 жылғы 2 - 3	Қазақстан Республикасы Экономика

			лердің біліктілігін арттыру	2) басқару бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу. Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту.	тоқсан 2 - 3 тоқсан	және бюджеттік жоспарлау министрлігі
4		009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	Кабинеттерді жарақтандыру үшін жиһаз, жабдықтар және активтер мен тауарлар сатып алу.	жыл бойы	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
5		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Ақпараттық жүйелерді және жергілікті міндеттерді сүйемелдеу. Мемлекеттік тілдегі құжаттармен жұмыс істеу үшін бағдарламалық өнімдерді сатып алу және бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту. Министрліктің жабдықтары мен желілеріне, серверлік үй-жай жүйелеріне, телекоммуникациялық және басқа жабдықтарына техникалық және жүйелік қызмет көрсету. Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бағдарламалық өнімдерді сатып алу және сүйемелдеу. Есептеу техникасын және белсенді желілік жабдықтар сатып алу. Жиынтықтаушы қосалқы бөлшектер және шығыс	жыл бойы	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік

			материалдарын с а т ы п а л у . Жөндеу, жабдықтар- ды ж е т к і з у жөніндегі і л е с п е қызметтерді, жабдықтарды бөлшектеу/монтаж- дау жөніндегі қызметтерді а л у . Интернет желісіне және VPDN-ге қосылу жөніндегі қызметтерді алу.		жоспарлау министрлігі
--	--	--	---	--	--------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й

н ә т и ж е :

Бюджетті жоспарлаудың негізгі қағидаттарына сәйкес және өткен кезеңдегі бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша республикалық бюджетті қалыптастыру, бекітілген 406 адамдық штат санына сәйкес Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі аппаратының жұмыс істеуін қамтамасыз ету; кәсіби деңгейін жоғарылату; мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту; министрліктің материалдық-техникалық жарақтандырылуын 100%-қамтамасыз ету; компьютерлік техника паркін 15%-ға жаңарту; компьютерлік, телекоммуникациялық жабдықтың және ақпараттық жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін қолдау.

Т ү п к і

н ә т и ж е :

Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуді барынша салааралық және өңіраралық үйлестіру; экономикалық қызметтің түрлерін жүзеге асыруды регламенттейтін Қазақстан Республикасындағы стратегиялық, орта мерзімді экономикалық, бюджеттік жоспарлау және рұқсат ету жүйесін жетілдіру; Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясатының жобаларын, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы , бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды, тиісті қаржы жылындағы республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, бірыңғай бюджеттік сыныптаманы әзірлеу, инвестициялық климатты жақсарту, мемлекеттік бағдарламалар мен басым инвестициялық жобаларды іске асыру үшін шетелдік инвестицияларды тартуға жәрдемдесу; мемлекеттік қызметшілердің біліктілік деңгейін арттыруға қажеттігін 5%-ға, мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқытуға қажеттілікті 20%-ға, мемлекеттік қызметшілерге ағылшын тілін оқытуға қажеттілікті 10%-ға арттыру.

Қ а р ж ы - э к о н о м и к а л ы қ

н ә т и ж е :

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі аппаратының бір қызметкерді

қамтамасыз етуге арналған шығыны орташа алғанда 1282 мың теңгені құрайды; бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға арналған орташа шығындар 24,35 мың теңге; бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді оқытуға арналған орташа шығындар 12,62 мың теңге; бір мемлекеттік қызметшіге ағылшын тілді оқытуға арналған орташа шығындар 11,00 мың теңге; Министрліктің ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша шығындардың және ақпараттық-техникалық қамтамасыз етудің орташа көлемі - 5785 мың теңге.

Уақтылығы: кестемен бекітілген мерзімдерге сәйкес жоспарланған іс-шараларды орындау.

С а п а с ы :

стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын сапалы қалыптастыру; мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қаржы-кредиттік саясатының, сондай-ақ халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар саласындағы саясаттың басымдықтарымен бірге өзара әрекет етудің мемлекеттік фискалдық, кедендік және бюджеттік инвестициялық саясатын қалыптастыру; экономика секторларындағы мемлекеттік активтерді басқару саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру; республикалық бюджетке негізделмеген шығыстар мен тиімсіз инвестициялық жобалардың қосылуына жол бермеу; кәсіби деңгейін арттыру жолымен мемлекеттік қызметшілерге көрсетілетін қызметтерді жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

199-ҚОСЫМША

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 700000 мың теңге (жеті жүз миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 150-бабы; "Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қарау ережесі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 245 қаулысы.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің

Қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының тиісті үш жылдың кезеңге арналған орта мерзімді жоспарында белгіленген мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының тиісті үш жылдың кезеңге арналған орта мерзімді жоспарында белгіленген бюджеттік инвестициялық басымдықтарға сәйкес инвестициялық жобаларды уақтылы дайындау, атап айтқанда: республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу; республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерінің заңнамада көзделген сараптамаларын ө т к і з у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

[illegible]

			техникалық-экономикалық негіздемелеріне мемлекеттік заңнамада көзделген басқа да сараптама жүргізуді қаржыландыру.	лардың әкімшілері
--	--	--	--	-------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді, республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелеріне сараптама жүргізуді қаржыландыру.

Түпкі нәтиже: республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесіне 2008 жылы іске асырыла бастайтын республикалық бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) енгізу.

Уақтылығы: техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді және оған сараптама жүргізуді 700 000 мың теңге сомасына қаржыландыру 2006 жыл бойы жүзеге асырылады.

Сапасы: әзірленген техникалық-экономикалық негіздемелер мен жүргізілген сараптамалардың 100%-ы белгіленген талаптарға сай келеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

200-ҚОСЫМША (құпия)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

201-ҚОСЫМША

Ескерту. 201-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.30. N 470 қаулысымен.

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Экономика саласындағы қолданбалы зерттеулер"

деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

Ескерту. Бағдарламаның атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

1. **Құны** : 274661 мың теңге (екі жүз жетпіс төрт миллион алты жүз алпыс бір мың т е ң г е) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : аумақтық даму процестеріне және теңгерімділігіне Қазақстанның, оның өңірлерінің, халқының мүддесінде қаржы-бюджет саясатының нақты әсер етуге қабілетті экономикалық және ұйымдық-құқықтық тетігі ж ү й е с і н құ р у .

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті бағыттары бойынша стратегиялық ғылыми-зерттеу және талдамалық зерттеулерді орындау және өңірлік ассиметриялықты жеңу және Қазақстан Республикасындағы үлкен саяси және экономикалық интеграция үшін тиімді өңірлік саясаттың негізгі ережелерін әзірлеу; мемлекеттік қызмет қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау жөніндегі арнаулы тренингтік бағдарламалар өткізу, сондай-ақ ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің қызметіне өңірлік дамуды жоспарлау және қаржы-бюджет саясатындағы теңгерімсіздікті болжамдау мәселелері бойынша мамандандырылған ақпараттық жүйе енгізу; басымдылықтың, негізділіктің, нәтижеліктің және бақылаудың басында өңірлік дамуды мемлекеттік реттеу жүйесін жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	007		Экономика саласындағы қолданбалы зерттеулер	Базасында консалтингтік қызметтер көрсету, тұрақты негізде мемлекеттік қызметшілер үшін оқыту семинарларын өткізу жолымен қаржылық сілкіністерді ерте табу, аумақтық дамуды жоспарлау жүйесін құру және қаржы-экономикалық сектор қызметкер-	ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Экономика және

			лерінің деңгейін жоғарылату мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің "Экономикалық зерттеулер институты" РМК жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған ақша қаражатын пайдалану.	бюджеттік жоспарлау министрлігі
--	--	--	--	---------------------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: ғылыми-зерттеу және талдамалық зерттеулер жүргізу және бағдарламаны іске асыру барысы туралы екі жарты жылдық есеп пен ұсынымдар дайындау; әлемдік тәжірибені зерттеу және экономика мен қаржы саласындағы халықаралық сарапшылармен іскерлік байланыс орнату; орталықтардың жұмысын ұйымдастыру және семинарлар, конференциялар өткізу үшін шетелдік консультанттарды тарту және т.б. Түпкі нәтиже: бюджеттік бағдарламаны іске асырудың нәтижелері: өңірлік дамуды жоспарлаудың басым бағыттары бойынша ғылыми-инновациялық және өнеркәсіптік саясатты жүргізуге негізделген ұстанымдарды айқындауды; қаржылық сілкіністерді ерте табуды; сандық және сапалық әртүрлі өңірлік шаруашылық және әлеуметтік-мәдени кешендерді біртұтас (рыноктық) экономикалық кеңістікке интеграциялауды қамтамасыз ететін Республиканың өңірлік дамуының моделін жасауды; экономика мен қаржының маңызды секторларындағы мемлекеттік қызметшілердің білім деңгейі мен біліктілігін өсіруді, Қазақстан мен Орталық Азия өңірінің мамандарын кәсіптік дамытуға ықпал ететін озық білімді және тәжірибені қолдануды қамтамасыз етеді.

Қаржы-экономикалық нәтиже: бағдарламаны іске асыру барысында әзірленген әдістеме өңірлердің тұтастай елдің өңірлік дамуын жоспарлауды талдау мен болжамдау міндеттерін жедел шешуді арттыру және маңызды экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша өңірлік сәйкессіздікті азайту міндеттерін шешу үшін негіз болады.

Уақтылығы: бағдарламаны іске асыруға бөлінген қаражатты нысаналы және тиімді пайдалану, бағдарламаны іске асыру барысы туралы белгіленген тәртіппен есептер беру.

Сапасы: мемлекеттік басқарудың (мемлекеттік реттеудің, мемлекеттік қызметтердің) бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, экономиканың білікті мамандарға қажеттілігін қамтамасыз ететін жүйе қалыптастыруға арналған бағдарламаны іске асыру.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

201-1-қосымша

Ескерту. Қаулы 201-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

220 Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылғы арналған

008 "Инфляцияны тежеу бөлігіндегі ақша-кредит саясатының тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу" республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 100000 мың теңге (жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Инфляциялық процестерді мониторингілеу және реттеу мәселелері жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 3 наурыздағы N 46 - е ө к і м і.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: инфляцияны тежеу бөлігіндегі ақша-кредит саясатының тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ұлттық экономиканың әлемдік валюталар бағамының ауытқуынан тәуелділігін төмендету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

№ N	Бағдарламаның коды	Кіші бағдарламаның коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
	008		Инфляцияны тежеу бөлігіндегі ақша-кредит саясатының тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық экономиканы әлемдік валюталар бағамының ауытқуынан	2006 жылғы 2 жартыжылдық	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік

				тәуелділігін азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыруы.		жоспарлау министрлігі
--	--	--	--	---	--	--------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 884 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарына сәйкес инфляция деңгейін жоспарланған межеде ұстап тұру.

Түпкі нәтиже: 1) инфляцияны тежеуге бағытталған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын күшейту; 2) инфляция деңгейін төмендетуге бағытталған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ішкі қаржы рынокта операциялар жүргізуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
202-ҚОСЫМША

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта
қарау мәселелері бойынша халықаралық рейтинг агенттіктерімен
өзара іс-қимыл жасау"
деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 25730 мың теңге (жиырма бес миллион жеті жүз отыз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** :
"Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің
мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1116
қаулысының 11 - тармағы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің
қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының
инвестициялық беделін қалыптастыру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының егемен
кредиттік рейтингін жыл сайын беру және қайта қарау мәселелері бойынша
халықаралық рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл жасау.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

N п/п	Бағ- дар-	Кіші бағ-	К і ш і бағдар-		Іске асыру	
----------	--------------	--------------	--------------------	--	---------------	--

	лама коды	дар- лама коды	ламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	мер- зімі	Жауапты орындау- шылар
1	2	3	4	5	6	7
1	010		Қазақстан Республи- касының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау мәселелері бойынша халықара- лық рейтинг агенттік- терімен өзара іс-қимыл жасау	Standard and Poor's International Services, Inc, Fitch Ratings Ltd., Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттіктердің Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін бекіту және қайта қарау жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу.	2006 жылғы ақпан, шілде, қазан	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й н ә т и ж е :

Халықаралық рейтингтік агенттіктер көрсеткен қызметтерге уақтылы төлем жасау.

Т ү п к і н ә т и ж е :

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын қарыз алушы - компаниялардың (екінші деңгейдегі банктер, ірі компаниялар) корпоративтік кредиттік рейтингіне әсер ететін Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау және бекіту. Қаржы-экономикалық нәтиже:

халықаралық рейтингтік агенттіктердің қызметіне мынадай көлемде төлем жасау: Standard and Poor's International Services, Inc. - 6350,0 мың теңге, Fitch Ratings Ltd. - 13030,0 мың теңге; Moody's Investors Service - 6350,50 мың теңге.

С а п а с ы :

Қазақстан Республикасының сұранысын мынадай деңгейде қанағаттандыру; Қазақстан Республикасының міндеттемелеріне төмен инвестициялық тәуекелділік, Қазақстан Республикасының инвесторлық базасын кеңейту;
Егемен еврооблигациялар орналастырылған жағдайда қарыз алу бағасын төмендету.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

203-қосымша

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6

ж ы л ғ а

а р н а л ғ а н

"Ұлттық және экономикалық қауіпсіздік саласындағы зерттеулер"
деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1965720 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз алпыс бес миллион жеті жүз ж и ы р м а м ы ң т е ң г е) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы N 233 Қазақстан Республикасының Заңы ; 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 35-бабы ; "Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартты бекіту туралы" 1999 жылғы 24 маусымдағы N 403 Қазақстан Республикасының Заңы ; "Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыруды құқықтық қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы" 2001 жылғы 22 маусымдағы N 214 Қазақстан Республикасының Заңы ; "Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясын бекіту туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі N 465 Қазақстан Республикасының Заңы ; "Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімді бекіту туралы" 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 549 Қазақстан Республикасының Заңы ; "Қазақстан Республикасының Индустриялы-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 желтоқсандағы N 1285 қаулысы ; "Мемлекеттік басқа деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 147 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2006-2007 жылдарға арналған перспективалық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 824 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1116 қаулысының 11-тармағы; "2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында

Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 1203 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында" Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесінің 44-тармағы; "2006 жылы байланысты гранттарды тартуға басымдығы бар өтінімдердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 қарашадағы N 1116 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Үкіметі және Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасында Экономикалық даму жөніндегі Қазақстан - Американа бағдарламасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандум жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 370 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және орта мерзімді жоспарларын іске асыруды қамтамасыз ету ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету үшін институционалдық және экономикалық қолайлы жағдай жасау, тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму негізінде халықтың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін тиімді экономикалық тетікті қалыптастыру, ел экономикасының теңгерімділік деңгейін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін арттыру. Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық өсуіне қол жеткізу мемлекеттік басқару мен өндірістік сектордың деңгейін арттыру, сондай-ақ мұнай-газ секторына кірмейтін салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Мемлекеттік сатып алу және салықтық әкімшілендіру саласында мемлекеттік қаржыларды басқаруды жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: бағалау күші мен ықпал ету бағыты мен макроэкономикалық көрсеткіштерге ықпал ететін факторлардың сандық және сапалық сипаттамаларын пайдалану шағын орындарды анықтау болашақтағы кезеңге үрдістерді анықтау мен болжамды құруда алынған деректер негізінде өткен кезеңдермен салыстырма жүргізу, экономиканың маңызды секторларындағы мемлекеттік органдардың жұмысында талдамалық әдістерді пайдалану, орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтары бойынша з е р т т е у л е р жү р г і з у ;

жалпы экономикалық, салааралық, өңірлік, сыртқы экономикалық проблемаларды шешу бөлігінде елдің "Қазақстан-2030" стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар

мен тетіктерді тұжырымдау сыртқы және ішкі факторлардың экономикаға әсер етуін бағалау және осының теріс салдарларын жұмсарту жөнінде кешенді зерттеулер жүргізу

Реттелетін салалардағы тарифтік саясат бағыты бойынша талдамалық зерттеулер жүргізуді (экономикалық аспектілер бойынша) қамтамсыз ету.

Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Мемлекеттік функциялардың тізілімін өзектілендіру.

Мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік бағдарламаларды, оларды әзірлеу және іске асыру сатысында тиімділігін бағалау құралдары мен ө л ш е м д е р і н ә з і р л е у .

Республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау сатысында мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау қ ұ р а л д а р ы н ә з і р л е у .

Мемлекеттік қызметтер ұсыну сапасын бағалаудың өлшемдері мен құралдарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалау жөніндегі ұсыныстар әзірлеу.

Мемлекеттік активтерді басқару саласындағы қатынастар жүйесін жетілдіруді көздейтін нормативтік құқықтық база қалыптастыру.

ДСҰ-ға кіруі кезінде Қазақстан экономикасы салаларының бәсекеге қабілеттілігін б а ғ а л а у .

ДСҰ-ға кіруі кезінде Қазақстан экономикасы салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұсынымдар қалыптастыру.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі кезінде интеграциялық бірлестіктер шеңберіндегі м і н д е т т е м е л е р д і т а л д а у .

Қазақстанның және басқа интеграциялық бірлестіктерге мүше елдердің ДСҰ-ға кіруі барысында интеграциялық бірлестіктерге Қазақстанның одан әрі қатысуын талдау.

Қазақстан Республикасының саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы берілетін ақпараттың сапасы мәселесінде мемлекеттік органдардың рейтингілік агенттіктермен өзара іс-қимылының ағымдағы жағдайын талдау.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы халықаралық рейтингілік агенттіктердің елдік есебін талдау.

Рейтингтердің Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсерін бағалау.

Өңірлер халқының кеңістіктік дамуы және қоныстануының болжамдық схемасын әзірлеу бойынша әдістемелік ұстанымдар әзірлеу.

Өңірлерді дамытудың бәсекелі стратегияларын олардың әлеуетіне байланысты тұжырымдау, түрлі үлгідегі өңірлер үшін әртүрлі шешімдер қабылдау қажеттігі бойынша нақты ұсынымдар әзірлеу.

Қазақстанның ұлттық мүдделерін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері бойынша

ұ с ы н ы м д а р

қ а л ы п т а с т ы р у .

Нормативтік құқықтық базаны әзірлеу бойынша ұсыныстар қалыптастыру.
"Мемлекеттік сатып алу туралы" заң жобасын және заңға тәуелді кесімдер әзірлеу үшін талдамалық материалдар дайындау салық кодексіне өзгерістер енгізу жөніндегі заң ж о б а с ы н

ә з і р л е у .

Отандық экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұсыныстар мен ұ с ы н ы м д а р

қ а л ы п т а с т ы р у .

Отандық және халықаралық практикада қолданылатын салықтық ынталандыру шараларының тізбесіне қалыптастыру және әрбір осындай шара барынша оң әсер беретін жағдайларды айқындау. Қабылданған бағдарламалық іс-шараларды іске асыру жөніндегі қажетті өзгерістер мен түзетулерді орындау мақсатында тиісті шешімдер қабылдау үшін талдамалық материалдар дайындау.
Әлеуметтік-экономикалық сипаттағы бірлескен талдамалық зерттеулер жүргізу жолымен халықаралық ғылыми техникалық ынтымақтастықты дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N п/п	Бағдарлама коды	К і ш і бағ-дар-лама коды	Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар (кіші бағдарламалар)	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	011		Ұлттық және экономикалық қауіпсіздік саласында зерттеу	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық экономиканы әлемдік валюталар бағамының ауытқыуынан тәуелділігін азайту жөніндегі әс-шараларды іске асыруы	2006 жылғы 2 жартыжылдық	Қазақстан Республикасы Экономика ж ә н е бюджеттік жоспарлау министрлігі
2	005			Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Мемлекеттік функциялардың тізілімін өзектілендіру	2006 жылғы тамыз-желтоқсан	
				Жекелеген мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік бағдарламалардың, оларды әзірлеу сатысында тиімділігін бағалау өлшемдері мен құралдарын әзірлеу	2006 жылғы тамыз-желтоқсан	
				Жекелеген мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік		

			бағдарламалардың, оларды іске асыру сатысында тиімділігін бағалау өлшемдері мен құралдарын әзірлеу.	2006 жылғы тамыз-желтоқсан	
			Республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау сатысында жеке мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау құралдарын іске асыру	2006 жылғы тамыз-желтоқсан	
			Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың өлшемдері мен құралдарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.	2006 жылғы тамыз-желтоқсан	
			Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалау жөніндегі ұсыныстар әзірлеу.	2006 жылғы тамыз-желтоқсан	
			Макроэкономикалық және Қазақстан экономикасын әртараптандыру және бәсекеге қабілеттілігін арттыру саласындағы зерттеулер	жыл бойы	
			Мемлекеттік активтерді басқару саласында талдамалық зерттеулер жүргізу	2006 жылғы сәуір-қазан	
			ДСҰ-ға кіру саласындағы зерттеулер және халықаралық рейтингілік агенттіктермен өзара іс-қимыл.	2006 жылғы тамыз-қараша	
			Экономиканың реттелетін салаларында тариф белгілеудің халықаралық тәжірибесін пайдалану саласындағы зерттеулер	жыл бойы	
			Өңірлік даму стратегиясы шеңберіндегі зерттеулер	жыл бойы	
			Ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету саласындағы зерттеулер	2006 жылғы тамыз-қараша	

				Мемлекеттік сатып алу және салықтық әкімшілендіру басқарудың тиімділігін арттыру саласындағы зерттеулер	2006 жылғы тамыз-қараша	
3		006	Республикалық бюджеттен грантты бірлесіп қаржыландыру есебін іске асыру	Техникалық ынтымақтастықтың 2006 - 2007 жылдарға арналған жыл сайынғы бағдарламаларында көзделген бағыттар бойынша Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын іске асыру шеңберінде зерттеулер жүргізу. 2. Американдық халықаралық даму жөніндегі агенттігі мынадай бағыттар бойынша экономикалық даму бағдарламасын іске асыру: 1) қаржы және инвестициялар; 2) адами капитал; 3) кәсіпкерліктің өсуі және бәсекеге қабілеттілік; 4) инвестициялық ахуал және жаһандық ықпалдасу	наурыз-қараша	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
4		018	Жобаны грант есебінен іске асыру	Техникалық ынтымақтастықтың 2006 - 2007 жылдарға арналған жыл сайынғы бағдарламаларында көзделген бағыттар бойынша Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын іске асыру шеңберінде зерттеулер жүргізу. 2. Американдық халықаралық даму жөніндегі агенттігі мынадай бағыттар бойынша экономикалық даму бағдарламасын іске асыру: 1) қаржы және инвестициялар; 2) адами капитал;	наурыз-қараша	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік

			3) кәсіпкерліктің өсуі және бәсекеге қабілеттілік; 4) инвестициялық ахуал және жаһандық ықпалдасу 2.1. Американдық халықаралық даму жөніндегі агенттікпен экономикалық даму бағдарламасын іске асыру туралы есептер дайындауы.	жоспарлау министрлігі
--	--	--	--	-----------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтижесі: ҚР-дағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды макроэкономикалық талдау жөніндегі талдамалық есеп және ҚР экономикасын дамытудың қысқа мерзімді б о л ж а м ы .

Әлемдік экономиканың даму үрдістерінің және Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігіне айтарлықтай ықпал ететін елдердегі ахуалдың ағымдағы жай-күйін талдау жөніндегі талдамалық есеп.

Кәсіпорындарға конъюнктуралық сұрау жүргізу негізінде Қазақстанның іскерлік ахуалын бағалай отырып, экономика салаларын талдау және қысқа мерзімді болжамдау жөніндегі талдамалық есеп.

2006 жылғы ҚР-дағы экономикалық жағдай жөніндегі талдамалық есеп және 2007-2009 жылдарға арналған даму болжамы.

Бәсекеге қабілеттілік жөніндегі жаһандық баяндама бойынша талдамалық есеп. Экономиканың салаларындағы көлеңкелі экономикалық қызметтің түрлерін анықтау жөніндегі талдамалық есеп.

Экономиканың реттелетін салаларында тариф белгілеудің халықаралық тәжірибесін талдау жөніндегі талдамалық есеп және осы тәжірибені Қазақстанда пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Фискалдық реформаларды жүргізу, инвестициялық климатты жақсарту, сондай-ақ өндірісті ұйымдастырудың кластерлік формалары негізінде Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша талдамалық баяндама.

Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігіне теңгенің айырбас бағамы өзгеруінің әсері жөніндегі талдамалық есеп.

Еңбек ресурстары факторларының экономиканың өсуіндегі рөлін зерттеу жөніндегі талдамалық баяндама.

Қазақстандағы инфляциялық процестерді талдау жөніндегі талдамалық есеп және инфляция деңгейінің экономиканың өсу қарқынымен оңтайлы арақатынасын айқындау.

Қазақстан экономикасының "қызып кету" факторлары мен қаупі бойынша талдамалық е с е п .

Әлемдік мұнай бағасының Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсері

жөнiндегi талдамалық есеп.

Қолданыстағы заңнамалық кесiмдердiң негiзiнде өзектендiрiлген "Қазақстан Республикасының мемлекеттiк қызметтер тiзiлiмi" электронды дерекқоры. Республикалық және жергiлiктi бюджеттердi жоспарлау сатысында мемлекеттiк, салалық (секторалдық), өнiрлiк және бюджеттiк бағдарламалардың тиiмдiлiгiн бағалау құралдары.

Мемлекеттiк қызметтер ұсынудың ұсынымдары сапасын бағалау өлшемдерi мен құралдарын қалыптастыру жөнiндегi ұсыныстар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттiк органдары қызметiнiң тиiмдiлiгi мен сапасын бағалау бойынша ұсыныстар.

Талдамалық баяндама, нормативтiк құқықтық кесiмдердiң және әдiстемелiк ұсынымдардың жобалары.

Дүниежүзiлiк сауда ұйымына кiру кезiнде Қазақстан Республикасы қабылдайтын мiндеттемелер шеңберiнде отандық өндiрiстiң бәсекеге қабiлеттiлiгiн арттыру бойынша бағалау жөнiндегi талдамалық баяндама.

Бұл жұмысты орындау Қазақстан Республикасының елдiк рейтингiлiк айқындау жөнiндегi сапалық ұстанымды жақсарту үшiн зерттеу материалдарын рейтингтiк агенттiктерге бере отырып, Қазақстанда болып жатқан қайта құруларды нақты көрсету үшiн елдегi экономикалық және қаржылық ахуалдың жедел мониторингi мәселелерi бойынша нақты талдамалық зерттеулердi жүзеге асыруға мүмкiндiк бередi. Қазақстан Республикасы халқының кеңiстiктiк дамуы мен қоныстануының болжамдық схемасын және өнiрлер халқының кеңiстiктiк дамуы мен қоныстануының перспективалық схемаларын әзiрлеу жөнiндегi әдiстемелiк ұстанымдар (әдiстеме). Қазақстан Республикасының өнiрлерiн дамытудың бәсекелестiк стратегиясын әзiрлеу жөнiндегi әдiстемелiк ұстанымдар (әдiстеме).

Қазақстанның таяудағы он жылда әлемдегi бәсекеге барынша қабiлеттi 50 елдiң қатарына кiру жөнiндегi стратегиялық мiндеттi шешу және ұлттық мүдделердi қамтамасыз ету үшiн талдамалық материалдарды, ұстанымдарды пайдалану. Мемлекеттiк сатып алу туралы заңнамаға өзгерiстер енгiзу бойынша қорытындылар мен ұсынымдармен талдамалық есеп.

Салықтық әкiмшiлендiрудi жақсарту жөнiндегi қорытындылар және ұсынымдармен талдамалық есеп.

Отандық салалардың бәсекеге қабiлеттiлiгiн арттыру жөнiндегi ұсынымдар. Қазақстан Республикасында экономиканы салықтық ынталандыру шараларын қолданудың және мұндай шараларды қолданудың халықаралық тәжiрибесiнiң нәтижелерi туралы талдамалық есеп. Салықтық ынталандыру шараларының тиiмдiлiгiне талдау жүргiзу әдiстемесi.

Есептер мен ұсынымдар дайындау, жүргiзiлген зерттеулер нәтижелерi бойынша мемлекеттiк билiк органдары үшiн Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкiмен және

Америка халықаралық даму жөніндегі агенттігінің консультациялар өткізу.

Түпкі нәтижесі: әлеуметтік-экономикалық дамудың талдамалық зерттеулерді нәтижелерін макроэкономикалық болжамдауды жетілдіру және қолдану мүмкіндігі үшін Қазақстанның экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету және экономикалық саясатты жақсарту үшін ұсынымдарды тұжырымдау үшін. Уәкілетті мемлекеттік органдардың фискалдық саясатты тұжырымдау және Қазақстан Республикасының Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын іске асырғанда қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсынымдарды ж ұ м ы с т а п а й д а л а н у .

Қазақстанның 2030 жылға дейін арналған Даму стратегиясын, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стартегиясын және Қазақстан Республикасының Индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стартегиясын уәкілетті мемлекеттік органдар іске асыру кезінде ұ с ы н ы м д а р д ы п а й д а л а н у ы .

Экономиканың "қызып кетуінің" қаупін және оның теріс салдарын азайту жөніндегі ұ с ы н ы м д а р д ы т ұ ж ы р ы м д а у .

Қазақстанда тариф белгілеудің әлемдік тәжірибесін пайдалану жөніндегі ұсынымдар. Бағамдық саясат жүргізу және бұл үшін әр түрлі тетіктерді пайдалану жөніндегі ғылыми-негізделген ұ с ы н ы м д а р д ы әзірлеу.

Инфляцияны тежеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін ұсынымдарды пайдалану. Әлемдік мұнай бағасы мен макроэкономикалық көрсеткіштердің арасында анықталған тәуелділікті пайдалану орта мерзімдік болжамдаудың сапасын жақсартуға мүмкіндік б е р е д і .

Қазақстанның ДСҰ-ға қатысуы жағдайларында отандық салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі жұмыста сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі келіссөз процестерінде ұсынымдарды пайдалану.

Рейтингілік агенттіктердің консервативтік инвесторларға елдің кредитке қабілеттілігі мен кредиттік тәуекелдерін сындарлы әрі объективті бағалау беруі. Бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін және мемлекеттік органдар қызметінің а ш ы қ т ы ғ ы н а р т т ы р у .

Отандық салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі жұмыста ұсынымдарды п а й д а л а н у .

Экономиканы салықтық ынталандырудың неғұрлым тиімді құралдарын қолдану мақсатында с а л ы қ с а я с а т ы н түзету.

Уәкілетті мемлекеттік органдардың (мемлекеттік бағдарламалар әкімшілерінің) тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, қабылданған бағдарламалық іс-шараларды іске асыру жөнінде қажетті өзгерістер мен түзетулерді орындау мақсатында тиісті шешімдер қабылдау үшін талдамалық зерттеулердің нәтижелерін қолдану. Мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін, Қазақстан Республикасының

әлеуметтік-экономикалық дамуының, бағдарламалық құжаттар әзірлеудің проблемалық мәселелері бойынша шешімдер дайындаудың сапасын арттыру.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: бір талдамалық зерттеу жүргізуге жұмсалатын шығындар ;

экономиканың түйінді секторларындағы мемлекеттік органдардың жұмысында талдамалық зерттеулердің нәтижелерін пайдалану жолымен республикалық бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін арттыру.

Сапасы: Қазақстанның макроэкономикалық дамуының, инфляцияның, экономиканың "қызып кетуінің", теңгенің айырбас бағамының неғұрлым өзекті және проблемалық мәселелерін қамту және зерттеулердің нәтижелерін мемлекеттік экономикалық саясатты жетілдіру үшін қолданылу мүмкіндігінің. Заңнамалық кесімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік функциялар тізілімінің өзектілігіне қол жеткізу. Мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштерін таңдау дұрыстығы және олардың бағдарламалардың мақсаттарына сәйкестігі.

Мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасының стратегиялық, орта мерзімдік бағдарламаларының және даму жоспарларының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.

Көрсеткіштердің мемлекеттік қызметтер ұсыну сапасын жақсартуға әсері. Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі келіссөз процесінің салалық дамуға қатысты проблемалық мәселелерінің бәрін қамту. ДСҰ талаптарын ескере отырып, бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдарын талдау кезінде Қазақстан экономикасының барлық салаларын қамту. Қазақстан Республикасының егемен рейтингін айқындау кезінде халықтық рейтингілік агенттіктер арасында пайдаланылатын ақпараттың сапасы мен объективтілігін арттыру.

Талдау кезінде салықтық ынталандырудың негізгі шараларын толық қамту. Әдістемеде қол жетімді деректерді пайдалану.

Халықаралық практикаға талдау жүргізу кезінде үш санат бойынша кемінде бес елді (дамыған, дамушы, басқа да) қамту.

Мемлекеттік экономикалық саясатты жетілдіру үшін, сондай-ақ бағдарламалық құжаттарды әзірлеу үшін зерттеу нәтижелерін пайдалану мүмкіндігі.

Уақтылығы: техникалық ынтымақтастықтың 2006-2007 қаржы жылдарға арналған жыл сайынғы бағдарламаларында белгіленген мерзімдерге сәйкес мерзімдерде талдамалық зерттеулердің нәтижелерін беру.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
203-1-қосымша

Ескерту: 203-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 қазандағы N 1015 қаулысымен.

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

2006 жылға арналған
013 "Почта-жинақтау жүйесін дамыту"
республикалық бюджеттік бағдарлама
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 900 000 мың теңге (тоғыз жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Экономиканың мемлекеттік секторын басқаруда мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 50 Жарлығы; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 117 қаулысы; "Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1077 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: сапалы деңгейде почталық және қаржылық қызмет көрсетулердің кең аясына халықтың және экономиканың нақты секторының еркін қол жетімділігін қамтамасыз етуге қабілетті тиімді жүйені қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарлама міндеттері: ауылдық жерде 96 ауылдық байланыс бөлімшесін салу және техникалық нығайту арқылы меншіктік филиалдық жүйе құру; ауылдық жерде почта байланыс бөлімшелерінің операциялық залдарын 96 комплект көлемінде өндірістік жиһазбен жабдықтау 1 почта вагонын сатып алу жолымен магистральдық тасымалдау жүйесін жетілдіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі (кіші бағдарламалар) іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
	013		Почта-жинақтау жүйесін дамыту	"Самұрұқ" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы

				қазақстандық холдингі" АҚ жарғылық капиталын ұлғайтып, кейіннен қаражатты ауылдық, қалалық жерде почта инфрақұрылымын дамыту үшін "Қазпочта" АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға бағыттау.		Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже: 96 ауылдық почта байланысы бөлімшесінің құрылысын салу және техникалық нығайту және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің техникалық нығайту талаптары бойынша сәйкестендіру; ауылдық байланыс бөлімшелерін 96 комплект көлемінде өндірістік жиһазбен жабдықтау, сондай-ақ почта вагондары паркін жаңарту.

Соңғы нәтиже: 96 жаңадан жарақтандырылған почта байланысы бөлімшесінде компьютерлік және банктік жабдықтардың бірыңғай инфо-коммуникациялық кеңістікте технологиялық қызметтерге нақты уақыт режимінде пайдаланушылардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін базалық алғы шарттарды құру.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: көрсетілетін қызметтердің аясын кеңейту почта-жинақтау жүйесінің жалпы табысын 7-9 % өсіруге, және сәйкесінше Қоғам жұмыскерлерінің еңбек ақысының 9-10% өсуіне, бюджетке салықтық түсімдерін 5-7% ө с у і н е ы қ п а л е т е д і .

Уақтылығы: жасалған келісім-шарттар мен құрылыс кестелеріне сәйкес.

Сапасы: нақты уақыт режимінде қаржылық қызметтер көрсету, пайдаланушылардың Интернетке бағытталған қызметтерге қолжетуі, жаңадан жарақтандырылған почта-жинақтау жүйесінің 96 бөлімшесінде көрсетілетін қызметтердің аясын 11%-ға кеңейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
204-ҚОСЫМША

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н

"Алматы қаласындағы аймақтық қаржы орталығын реттеу саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"

деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

Ескерту. 204-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1 2 3 5 қаулысына

205-ҚОСЫМША

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н

"Облыстық бюджеттерге экономикасы күйзеліске ұшыраған

соның ішінде шағын қалаларды дамытуға берілетін

нысаналы даму трансферттері"

деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 527000 мың теңге (бес жүз жиырма жеті миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "2004-2006 жылдарға арналған Шағын қалаларды дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : шағын қалаларды, соның ішінде экономикасы күйзеліске ұшыраған қалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытуды қ а м т а м а с ы з е т у .

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 11 шағын қаланың, соның ішінде экономикасы күйзеліске ұшыраған қалалардың инженерлік инфрақұрылымының тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, сонымен бірге Қызылорда облысы Арал қаласындағы шыны-пластикалық қайықтарды өндіру технологиясын дамытуға жергілікті бюджеттерге қаржылық қолдау жасау.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

N п/п	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	К і ш і бағдар- ламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мер- зімі	Жауапты орындау- шылар

1	2	3	4	5	6	7
1	015		Облыстық бюджеттерге экономикасы күйзеліске ұшыраған соның ішінде шағын қалаларды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1. Ақмола облысы Жарқайың ауданы Державинск қаласының су аққысы мен сумен жабдықтау желісін қайта жаңарту 2. Ақмола облысы Еңбекші ауданы Степняк қаласының су құбыры желілерін қайта жаңарту 3. Ақтөбе облысы Алға қаласының көп қабатты тұрғын үйлерін жылумен қамтамасыз ету үшін автономдық қазандық салу 4. Ақтөбе облысы Шалқар қаласының бюджеттік ұйымдары мен көп қабатты тұрғын үйлерін жылумен қамтамасыз ету үшін автономды жылу жүйесінің қазандықтарын орнату 5. Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының су құбыры желілерін қайта жаңарту және сумен жабдықтау ғимараттары мен құрылыстарын қайта жаңарту 6. Қарағанды облысы Абай қаласының су құбыры желілерін қайта жаңарту және оңтайландыру 7. Қарағанды облысы Қарқаралы қаласының жылумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту 8. Қостанай облысы Арқалық қаласын оңтайландыруды есепке алғанда, су құбырының тарату желілерін қайта жаңарту 9. Оңтайландыруды ескере отырып, Қостанай облысы Жітіқара қаласының жылу желілерін қайта жаңарту 10. Қостанай облысы Жітіқара қаласының магистральдық жылу желілерін қайта жаңарту 11. Қызылорда облысы Арал қаласының ауыз суды сақтау үшін арналған бас	2006 жылғы қыркүйек 2006 жылғы қазан 2006 жылғы тамыз 2006 жылғы тамыз 2006 жылғы қазан 2006 жылғы қа - раша 2006 жылғы қа - раша 2006 жылғы шілде 2006 жылғы тамыз 2006 жылғы қа - раша	Қазақ - стан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспар - лау

			резервуарын қайта жаңарту, ішкі кварталдық су құбырлар желісін қайта жаңарту және кеңейту, кәріздің, жылумен жабдықтаудың сыртқы желілерін қайта жаңарту және кеңейту	2006 жылғы тамыз	минис- трлігі
			12. Қызылорда облысының Арал қаласында шыны пластикпен жасалған қайықтарды шығару технологиясын бітіру	2006 жылғы мау- сым	
			13. Кетік-Форт-Шевченко - 5,7 км магистральды су құбырын қайта жаңарту	2006 жылғы тамыз	

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже:

- Ақмола облысы Державинск қаласында жаңа су жинағышты, 3 насостық құрал жабдықтарды және трансформаторларды салу және ұзындығы 1500 метр негізгі су а қ қ ы с ы н қ а й т а ж а ң а р т у ;
- Ақмола облысы Степняк қаласында 4 дана мөлшерінде жер асты типтес насостық станциялармен су жинағыш скважиналарын бұрғылау, ұзындығы 13,9 км. су құбыры ж е л і с і н ж а ң ғ ы р т у ;
- Ақтөбе облысы Алға қаласындағы 5 тұрғын үйді орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етуден автономдық газ қазандықтарына алмастыру;
- Ақтөбе облысы Шалқар қаласының көп қабатты тұрғын үйлеріндегі және бюджеттік мекемелеріндегі ескірген "Универсал" жылу қазандықтарын "Протерм" қ а з а н д ы қ т а р ы н а а л м а с т ы р у ;
- Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласындағы шеңберлік су құбыры желісінің 7 учаскесін қайта жаңарту, тозған су құбыры желілерін және насос станциялардағы насостық құрал жабдықтарды толығымен жаңарту, су құбыры желілерін су аққысының электр насос агрегаттарына алмастыру;
- Қарағанды облысы Абай қаласында ұзындығы 5 км су құбыры желілерін жаңарту;
- Қарағанды облысы Қарқаралы қаласындағы N 2 жылу қазандығын және жылу т р а с с а с ы н қ а й т а ж а ң а р т у ;
- Қостанай облысы Арқалық қаласында оңтайландыруды есепке алғанда ұзындығы 5363 метр су құбыры желісін ауыстыру;
- Қостанай облысы Жітіқара қаласындағы оңтайландыруды есепке алғанда тозған құбырларды толығымен ауыстыру және демонтаж жасау, ұзындығы 1140 метр магистралды және тармақталған жылу желілерін қайта жаңарту;
- Қызылорда облысы Арал қаласының 25 көшесінде қосымша 6500 қума метр су

құбыры желісін төсеу, 2 бас резервуарын тазарту, 5 км су аққысын жаңғырту, 3 су аққысы насос станцияларын салу;

- Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласында ұзындығы 5,7 км тозған су құбыры жүйелерін және ескірген насостарды жаңғырту, су құбыры құбырларын жөндеу;

- Қызылорда облысы Арал қаласында шыны-пластиктен жасалған қайықтарды шығару.

Т ү п к і

н ә т и ж е :

Күзгі-қысқы кезеңде су құбырының, су аққысының және жылу желілерінің авариялығы төмендейді. Жылу, жылы және салқын судың тұрақты және үзіліссіз берілуін қамтамасыз ету. Шағын қалалардың жылу мен суаққысы жүйелерін тиімді пайдалану, энергия ресурстарын тиімді пайдалану. Халықтың жұқпалы аурулармен ауруы төмендейді. Халықтың сапасыз коммуналдық қызметтер көрсету жөніндегі шағымдарының көлемі қысқарады. Балық аулау саласында әрекет ететін балықшылардың құрал жабдықтарын жаңарту, балық шаруашылығындағы балық аулау мөлшерін көбейту мүмкіндігі пайда болады.

Сапа: Шағын қалалардың тұрғындары сапалы ауыз сумен, ыстық және салқын судың үзіліссіз берілуімен, тұрақты жылумен қамтамасыз етіледі. Халықтың тұрмыс жағдайлары, санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық және демографиялық ахуал жақсарады. Арал, Зайсан, Балқаш және балық шаруашылығымен айналысатын басқа да көл маңындағы аудандардың отандық шыны-пластиктен жасалған қайықтарды пайдалану мүмкіндігі пайда болады. Жалпы алғанда, шағын қалалардың дамыған тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымы халықтың іскерлік қабілетіне әсер етеді, шағын және орта бизнесті дамыту мүмкіндігі пайда болады. Жаңадан ұйымдасқан және бұрыннан жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілерінің дамуы халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылауын, жаңа жұмыс орындарының пайда болуын, жұмыссыздық деңгейін төмендеуін көздейді.

Уақтылығы: Жұмыс кестесіне сәйкес іс-шараларды уақытылы аяқтау.

*Ескерту: Облыстық бюджеттерге көрсетілген қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге асырылады. Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен алынатын трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспорттында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

206-ҚОСЫМША

Ескерту. 206-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.30. N 470 қаулысымен.

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006

жылға

арналған

"Экономика саласындағы басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру" деген 042 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 123772 мың теңге (бір жүз жиырма үш миллион жеті жүз жетпіс екі мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : экономиканың түрлі салалары үшін кадрлар даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың қазіргі заманғы тиімді жүйесін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экономиканың әр түрлі секторларында кадрлар даярлау саласындағы отандық және шетелдік тәжірибені зерттеу; жас басшы қызметкерлердің жаңа буынын және елдің нарықтық экономикасының елеулі негізін құруға қабілетті қызметкерлерді тарту; басқарудың қазіргі заманғы әдістерін енгізу есебінен елдің экономика саласындағы ұйымдарының құрылымын жетілдіру; кадрлардың біліктілігін арттыру және Қазақстан мен Германияның тиісті фирмаларының өзара іс-әрекеті бөлігінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау; Германия Федеративтік Республикасының кәсіпорындарына тағылымдамаға жіберу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	042		Экономика саласындағы басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру	I. Шетелдік оқытушыларды тарта отырып, экономика саласындағы басшы қызметкерлер мен менеджерлердің біліктілігін арттыру. Оқу мерзімі алты айдан аспайды. II. Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының Бірлескен өтінішінің шарттарына сәйкес Германия Федерациясы	жыл бойы	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспар-

			тивтік Республикасының кәсіпорындарына үздік басшы қызметкерлер мен менеджерлерді тағылымдамаға жіберу. 2005 жылдан бастап саны ең көбі - 100 адам. III. Германия Федеративтік Республикасын- дағы үздік басшы қыз- меткерлер мен менед- жерлердің тағылымдамасы жөніндегі іс-шараларды үйлестіру.	лау минис- трлігі
--	--	--	---	-------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й н ә т и ж е с і :

Экономика және өндірісті басқару саласындағы басшы қызметкерлер мен менеджерлердің біліктілігін арттыру.

Үздік басшы қызметкерлер мен менеджерлер Германия Федеративтік Республикасының кәсіпорындарына тағылымдамаға жіберіледі.

Т ү п к і н ә т и ж е с і :

Қазіргі экономикалық жағдайларға сәйкес экономика саласындағы басшы қызметкерлер мен менеджерлердің кәсіптік деңгейін арттыру.

Уақтылығы: жасалатын шарттарға сәйкес жыл бойы.

Сапасы: қазақстандық кәсіпорындардың әлемдік рыноктағы бәсекеге қабілеттілігін дамыту; ел экономикасының нақты секторы ұйымдарында жұмыс істеу үшін кадрлық резерв құру; Германия Федеративтік Республикасының компанияларымен әріптестік қатынастар орнату.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

207-ҚОСЫМША

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Электрондық үкімет" құру"

деген 112 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 20000 мың теңге (жиырма миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар

жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1286 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : ел басшылығына өзекті, сенімді әрі кешенді ақпарат ұсыну және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жан-жақты зерттеудің бағалау мен болжамдаудың сапасын арттыру, сондай-ақ тиімді және негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауды жылдамдату.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : мемлекеттік басқарудың ахуалдық жүйесін құру мен дамыту және мемлекеттік органдардың басқа да ақпараттық жүйелермен интеграциялануы.

N п/п	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	К і ш і бағдар- ламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мер- зімі	Жауапты орындау- шылар
1	2	3	4	5	6	7
1	112		"Электрон- д ы қ Үкімет" құру			
2		100	Мемле- кеттік басқарудың жағдайлық жүйесін құру	Мемлекеттік басқарудың ахуалдық жүйесін дамыту және оны мемлекеттік органдардың басқа ақпараттық жүйелерімен интеграциялау жөніндегі қызметтерді сатып алу. Ілеспе қызметтерді сатып алу.	жыл бойы	Қазақ- стан Респуб- ликасы Эконо- мика және бюд- жеттік жоспар- лау минис- трлігі, Қазақ- стан Респуб- ликасы Ақпарат- тандыру және байланыс агент- тігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :
Т і к е л е й н ә т и ж е с і :
басқарушылық шешімдерді қабылдауды қолдауға арналған жүйелерді пайдалану.

Т ү п к і

н ә т и ж е с і :

елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштерін талдау және болжамдау әдістерін жетілдіру.

Қаржы-экономикалық

нәтиже:

басқарушылық шешімдердің қабылдану мерзімін қысқарту және сапасын арттыру.

У а қ т ы л ы ғ ы :

Жасалатын шарттарда белгіленген мерзімдерге сәйкес.

С а п а с ы :

сапалы басқарушылық шешімдерді 100% қабылдау.